

ДҰРЫС ЖАЗУ ДӘЙЕКТІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ



Марат Садықов,
Қазақстан Республикасы
Президенті Әкімшілігі
Жалпы бөлімінің
сарапшысы

Күнделікті қызметте түрлі құжат жобаларын дайындау, сараптау барысында оларда кездесетін мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер мен ұйымдардың атауын нақтылау үшін әртүрлі дереккөздерге жүгінуге тура келеді. Соның ішінде, ең алдымен, ресми мәлімет көзі ретінде тиісті салаға жетекшілік ететін орталық және жергілікті атқарушы органдардың интернет-ресурсын қараймыз. Алайда кейбір жағдайларда олардың өзінен нақты ақпарат алу қиынға түседі.

Мысалы, өткен жылғы құжаттардың бірінде басқа өнер ұжымдарымен қатар Қарағанды облысындағы С. Сейфуллин атындағы қазақ драма театры аталды. Өңірлік Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының веб-сайтындағы ұйымдар тізімінде бұл театрдың аты көрсетілмепті. «Википедия» ресурсында «Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театры» деп беріліпті. Театрдың өз электрондық парағында (*seyfullin.kz*) да осы атау тұр. «Әділет» дерекқорынан алған мәлімет бойынша бұл мекемеге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 25 қазандағы № 800 қаулысына сәйкес «академиялық» мәртебе берілген, бірақ бұл сөздің театр атауында орналасу реті айтылмаған. Сонымен Интернет желісіндегі жалпы жұртқа белгілі ресми дереккөздерден бұл ұжымның толық атауын анықтау мүмкін болмады.

Атырау облысындағы М. Өтемісұлы атындағы академиялық драма театрының атауы бойынша да түйткілді жағдайға тап болдық. Облыстық Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының және театрдың өз сайтында «Махамбет атындағы Академиялық қазақ драма театры» деп

көрсетілген. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 ақпандағы № 52 қаулысында да осындай атау берілген. Алайда Атырау облысы әкімдігінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 169 қаулысында «М. Өтемісұлы атындағы облыстық академиялық қазақ драма театры» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны» деп жазылған. Көріп отырғанымыздай, екі құжаттағы театр атауы өзара сәйкес келмейді. Оның үстіне жергілікті басқарма мен театрдың интернет-ресурстарында «академиялық» сөзі бас әріппен жазылған. Аталған нұсқалардың қайсысы дұрыс әрі олар қандай құқықтық негіз бойынша солай алынып жүр, бұл бізге белгісіз.

Толығымен немесе ішінара орыс тіліндегі сөздерден тұратын мекеме атауының мемлекеттік тілдегі құжаттарда қолданылуы да тиянақты шешімді талап етеді. Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № 158-257 қаулысында «Групп Четыре» ЖШС, «Престиж Строй 7» ЖШС, «Астанастройэнерго» ЖШС, «Казэнергоэкспертиза» ЖШС, «КазСнабСтрой Сервис» ЖШС, «Акмоладорсервис» ЖШС, «Казстройподряд» ЖШС, «Центрказэнергомонтаж» АҚ, «Астанаэнергосбыт» ЖШС, «Трест Средаэнергомонтаж» АҚ секілді жиырма шақты ұйымның аты орыс тіліндегі нұсқада беріліпті. «Әділет» дерекқорындағы құқықтық актілерде бұған ұқсас мысалдар жетіп артылады. Заңнамаға сәйкес олардың жарғылық құжаттарында толық және қысқартылған ресми қазақша атауы болуға тиіс. Ондай атау болмаған немесе қате нұсқада болған жағдайда, тиісті уәкілетті орган олқылықты жөндеу үшін шара қолдануы қажет. Мұндай құжаттарды тіркейтін әділет органдары да бұл мәселені қадағалауға міндетті.

Көзі қарақты кісілер кейбір ауруханалардың ресми атауында «көпбейінді», ал басқасының атында «көпсалалы» деген сөздердің қолданылып жүргенін көріп, ойланып қалуы мүмкін. Шын мәнінде бұл «многопрофильный» деген сөздің біреуі – дұрыс, екіншісі бұрыс аудармасы. Өйткені «көпсалалы» дегеніміз «многоплановый» деген сөздің баламасы. Кезінде қате алынып, содан бері жете мән берілмей келе жатқаны, құжаттарда сол күйі жазылып жүргені қынжылтады.

Білім беру ұйымдарының мәртебесін білдіретін «жалпы білім беретін орта мектеп», «шағын жасақталған мектеп» және басқа тіркестер әр жерде әртүрлі алынып жүр. Олардың бәріне ортақ стандартты нұсқасын жасаған жөн.

Осы бірнеше мысалдың өзі еліміздегі ұйымдардың ресми атауларында ден қоюды қажет ететін мәселе бар екенін көрсетеді.

Халықаралық практикаға, заң қағидасына сәйкес мемлекеттің бүкіл деңгейдегі құжаттарында мекеменің атауы біркелкі жазылуға тиіс. Оның үстіне атаудың бір нұсқада қалыптасып, пайдаланылуы термин саласындағы тезаурус ұғымының аясына кіреді әрі құжаттама саласындағы терминдік біртұтастықты қамтамасыз етіп, тіліміздің терминдену дәрежесін көрсетеді. Мысалы, өзіміз күнделікті қолданып жүрген «Қазақстан Республикасының Үкіметі», «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті» және басқа да атаулар осындай біржола орныққан тезаурус ұғымдарға жатады.

Сондықтан тиісті құзырлы органдар терминология саласындағы ұйымдармен бірлесіп, бұл мәселеге баса көңіл аударып, ревизия жасап, ретке келтіру бойынша тиісті шаралар қабылдауы қажет деп ойлаймын. Сарапталып, бекітілген нұсқаларды «Әділет» дерекқоры сияқты жалпыға бірдей қолжетімді интернет-ресурсқа орналастырып, оны жаңартып отыру міндетін Республикалық құқықтық ақпарат орталығы сияқты органға жүктеген жөн. Сонда бүкіл ел көлемінде ұйым атауларының дұрыс, бірыңғай жазылуына қол жеткізіліп, дәйектілік қамтамасыз етіледі.